

«Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің педагог-психологтың  
2024-2025 оқу жылындағы жылдық есебі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 25.08.2022 ж. № 377 бұйрығы негізінде «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» (Әділет министрлігінде тіркелген күні 26.08.2022 ж.) психологиялық қызметтің жұмысын жүзеге асыру.

Мақсаты: Мектеп кезеңінде қолайлы психологиялық жағдай жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеу.

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыру;
- оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық, консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- I. Диагностика
- II. Түзету - дамыту жұмысы
- III. Алдын алу-ағарту жұмысы
- IV. Кеңес беру.
- V. Ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс.

Бекітілген психодиагностика әдістемелер бойынша педагог-психологтың 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары құрылды. Ата-аналар жиналысына қатысып психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы келісім, ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді хабардар ету формасы (психологиялық-диагностика, консультация беру, тренинг) өткізу жұмыстарын жасау үшін психологиялық сүйемелдеуге 02-20.09.2024жыл күндері аралығында 1-11 сыныптың ата-аналарынан келісім алынды. Барлық 294 ата-аналар келісімін берді. Келісімнен бас тартқан ата-аналар жоқ.

Педагог психологтың жоспары бойынша атқарылған жұмыстар:

04.09.2024жыл күні 1 сынып оқушылары мен тренинг өткізілді «Танысу» жаттығулары.

06.09.2024жыл күні 5 сынып оқушылары мен тренинг өткізілді «Мен 5 сынып оқушысымын».

06.09.2024жыл күні 1 сыныпты бақылау және сабақтарға қатысу арқылы мінез құлық белгілерін анықтау және конфликті жағдадағы мінез-құлық стратегияларын анықтау барысында бір оқушы сабақта отырғанда мазасыз мүмкүн бірінші сынып болғандықтан әлі бейімделмеуі шығар,бірақ жазады,сұрақтарға жауабын береді. Соқушыдан гипер белсенділігі көрсетіледі.Бірінші сынып оқушылары мен әлі де бақылау жұмыстары жалғасуда.

09.09.2024жыл күні 1-сынып оқушыларымен төмендегідей бағытта жұмыс жүргізілді: Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімділік деңгейін зерттеу.

Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға психологиялық даярлығы мен бейімділігін анықтау.

Қолданылған психодиагностикалық әдістемелер: Керн Йерасектің әдістемесі бойынша 1-сынып оқушыларының мектепте оқуға психологиялық дайындығын анықтау: «Ер адамның бейнесін сал» тесті, сөздер көшірмелерін көшіру, нүктелер көшірмесін көшіріп жазу.

Нәтижесі:

1 деңгей	Жоғары	3-5 бал	11
2 деңгей	Орта нормада	5-9 бал	10
3 деңгей	Төмен бал	11 бал	0
		11 балдан жоғары алған оқушы	0

Бірінші сыныптар бойынша жоғары деңгейді көрсеткен – 11 оқушы, орта деңгейді көрсеткен 11 оқушы, ал төмен деңгейді көрсеткен оқушы жоқ.. Биылғы оқу жылындағы 1-сыныпқа келген оқушылардың мектепке дайындық деңгейі жоғары.

10.09.2024жыл күні «Менім сыныбым» әдістемесі оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау мақсатында 5 сынып оқушылардың 40% сыныпқа бейімделуі жақсы,21%-мұғалімнің маңыздылығы ерекше,көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 23-құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар 3- оқушы бақылауда.

16.09.2024ж Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы бойынша «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында білім алушылардың психикалық саулығын сақтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларымен буллинг және кибербуллинг, интернет желісі қауып қатер туғызатын ойындары туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді және оқушылармен ата-аналарына ескертілді, ата-аналар чатына слайд, видео жіберілді.

29.09.2024ж. 10А,Ә сынып оқушыларынан оқушының оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау диагностикасы алынды.

Мақсаты: Жасөспірім кезіндегі оқушылардың оқуға деген мотивациясы мен оқуға деген эмоционалды қатынасын зерттеу.

Оқуға деген өнімді мотивация және жағымды эмоционалды қатынас.		Мектептегі мазасыздық		Сабақта эмоционалдылықтың жоғарылауы		Оқуға деген оң қозқарас	
10 а	10ә	10 а	10ә	10 а	10ә	10 а	10ә
Жоғары-14	Жоғары-10	Жоғары-5	Жоғары-6	Жоғары-10	Жоғары-12	Жоғары-13	Жоғары-13
Орташа-5	Орташа-5	Орташа-0	Орташа-2	Орташа-9	Орташа-3	Орташа-6	Орташа-2
Төмен-0	Төмен-1	Қалыпты-14	Төмен-8	Төмен-1	Төмен-0	Төмен-0	Төмен-1

02.10-05.10.2024ж аралығында 4,6,7 сыныптар арасынд «Менің сыныбым» әдістемесі «Н.Г.Лусканова» әдістемесі Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау.

Нәтижесі:

Бейімделуінің деңгейі	Сынып		
	4	6	7
Сыныпқа бейімделуі жақсы	22	20	19
Мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар	2	5	4
Сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы	1	0	0

4 сынып оқушылары - 40% сыныпқа бейімделуі жақсы, 21% -Мұғалімнің маңыздылығы ерекше және ойын позициясына жақын оқушылар -23%, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы -16% құрайды. 6 сынып оқушылары - 40% сыныпқа бейімделуі жақсы, 21% -Мұғалімнің маңыздылығы ерекше және ойын позициясына жақын оқушылар -23%, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы -0% құрайды. 7 сынып оқушылары - 40% сыныпқа бейімделуі жақсы, 23% -Мұғалімнің маңыздылығы ерекше және ойын позициясына жақын оқушылар -23%, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы -0% құрайды.

03.10.2024ж күні сыныптағы оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынастарды бағалау, сыныптағы бірліктің дәрежесін өлшеу және әр топ мүшелерінің топ ішіндегі өзіндік орнын анықтау. Сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны анықтау. Дж. Морено социометриясы (тесті) алынды.  
Мақсаты: Сыныптағы оқушылар арасындағы өз-ара қарым-қатынастарды

бағалау, сыныптағы бірліктің дәрежесін өлшеу және әр топ мүшелерінің топ ішіндегі өзіндік орнын анықтау. Сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны анықтау. Нәтижесінде: Лидер-3 оқушы. Беделділер -24 оқушы. Қабылданғандар барлығы-100%.

07.10.2024 жыл Оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында 5-8 сынып аралығында оқушылармен әңгіме жүргізілді және мектебімізде «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында әр сынып бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

11.10.2024 жыл күні оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Зорлық–зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында 9-11 сынып аралығында оқушылармен әңгіме жүргізілді және мектебімізде «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында жеке оқушылармен «Балалар ұжымында қарым-қатынас» консультация өткізіліп әр сынып бойынша тәрбие сағаттары және профилактикалық жұмыстар өткізілді.

18.10.2024ж «Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесі. 5,6,7,8а,8ә сынып оқушыларының орта буынға өтуі, бейімделуі кезіндегі проблемаларды анықтау және мазасыздық деңгейін анықтау.

№	Факторлар	Сыныптар				
		5	6	7	8А	8Ә
1	Мектептегі жалпы мазасыздық. Мектептегі әр түрлі эмоционалды күйлер.	5	6	5	2	2
2	Әлеуметтік стресті уайымдау	2	2	2	5	5
3	Үрейдің көрінісі. Өз мүмкіндіктерін ашпау, тұйықтық, өзін басқаша сезіну.	6	4	3	3	2
4	Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері. Жоғарғы нәтижеге жетудегі қажеттіліктен өте алмауы.	4	4	4	2	3
5	Білімді тексеру үстіндегі үрей.	3	6	2	3	3
6	Айналасы күткен нәтижеден үрейлену	0	0	0	0	0
7	Физиологиялық тұрғыдан қарсыласудың төменгі табалдырығы. Қорқыныш ортақ факторға мазасыздықпен қарау.	0	0	0	1	1

8	Мұғаліммен қарым-қатынастағы үрейлену мәселесі.Балалардың оқу үлгерім мәселесі	4	4	1	3	3
---	--	---	---	---	---	---

10.10.2024ж Жағдайлық үрей шкаласы. Кандаш әдістемесі (30 сұрақ) 5 сыныптан алынды диагностика.

1.Мектептегі алаңдаушылық-11 оқушы

2.Өзін-өзі бағалауы -13 оқушы

3.Қарым-қатынастағы алаңдаушылық -2 оқушы

4.Тым қатты, жағымсыз және алаңдаушылық,үрей-0

17.10.2024ж күні 10«Ә,А» сыныптан Филипстің мектептегі мазасыздану әдістемесі шкаласы бойынша сауалнама алынды.

10А ,10Ә сыныптың сауалнама нәтижесі:

№	Факторлар	10А сынып	10Ә сынып
1	Мектептегі жалпы мазасыздық	2	2
2	Әлеуметтік стресті уайымдау	5	3
3	Үрейдің көрінісі. Өз мүмкіндіктерін ашпау, тұйықтық, өзін басқаша сезіну.	3	6
4	Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері.Жоғарғы нәтижеге жетудегі қажеттіліктен өте алмауы.	2	1
5	Білімді тексеру үстіндегі үрей.	3	1
6	Мұғаліммен қарым-қатынастағы үрейлену мәселесі.Балалардың оқу үлгерім мәселесі	3	1
7	Айналасы күткен нәтижеден үрейлену	0	0
8	Физиологиялық тұрғыдан қарсыласудың төменгі табалдырығы.Қорқыныш ортақ факторға мазасыздықпен қарау.	0	0

21-22.10.2024ж күні ҰБТ-ға қатысатын білім алушылардан 11ә,а сынып Спильбергер-Ханин сипаттамалық ерекшеліктерін анықтау және жеке тұлғаның сенімсіздік, ұсыныс,шешім қабылдау мен әрекет етудегі тәуелсіздік сипаттамалық ерекшеліктерін анықтау әдістемесі боиынша диагностика алынды жалпы екі сыныппен қоса санағанда қатысқан саны:32 оқушы.

Мақсаты: Тұлғалық мазасыздану дәрежесінің бағасы.Дәл осы уақыттағы адамның мазасыздану деңгейін зерттеу.

Спильбергер-Ханин мазасызданудың көріну деңгейіне нормативтер: 20-34 бал аралығы төмен деңгей,35-40 орта деңгей,46 дан жоғары деңгей.Алынған

диагностика зерттеліп анықтамалары жазылды 11а,ә сынып оқушыларының тұлғалық мазасыздануы қалыпты деңгейде.

22.10.2024ж Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы бойынша «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында білім алушылардың психикалық саулығын сақтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларымен интернет желісі қауып қатер туғызатын ойындары туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді және оқушылармен ата-аналарына ескертілді, ата-аналар чатына слайд, видео жіберілді.

24.10.2024ж 5-ші сынып оқушыларының пәнге деген көз қарасты анықтау мақсатында «Түйме дақ гүлі» әдістемесі алынды. 5-ші сыныптарда оқуға деген эмоционалды көзқарасы диагностикалау.

Пәндер	Қызықты ұнайтын пән қызыл түспен	Қиын пән көк түспен	Қызықсыз пән сары түспен	Ұнамайтын пәнді қара түспен бояу.
Еңбек	85%	5%	10%	0
Дене тәрбиесі	88%	0	5%	10%
Математика	81%	14%	0	5%
Ағылшын	62%	14%	19%	5%
Қаз.әдебиеті	62%	10%	18%	10%
Қаз. Тарихы	57%	10%	28%	5%
Қазақ тілі	57%	5%	24%	14%
Орыс тілі	53%	14%	19%	14%
Ән күй	38%	14%	29%	19%

Балалардың көбі ұнататын пәндері ол еңбек, дене тәрбиесі, математика, ағылшын, қазақ әдебиеті және қазақстан тарихы мен қазақ тілі осы пәндер бойынша жоғары ұпайлар алынды. Кей бір балаларға ұнамайтын пән ән күй және орыс тілі.

26.10.2024 жыл күні 1 сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу.  
Мақсаты: Баланың қабылдау ерекшелігін анықтау.

1-сынып оқушыларына үш тапсырма берілді: Не жетпейді? Не артық? Қисынсыздарды тап әдістемесі бойынша оқушылардың қабылдау ерекшелігін анықтау нәтижесінде жалпы ұпай сандары анықталды.

Нәтижесі:

1 деңгей	Жоғары	25-40 бал	19 оқушы
2 деңгей	Орта	24 бал	3 оқушы
3 деңгей	Төмен	0	0 оқушы

06-10.11.2024ж күні 8-11 сынып оқушыларымен интернет желісі қауып қатер туғызатын ойындары туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді, слайд көрсетілді. Оқушылармен ата-аналарына ескертілді, ата-аналар чатына видео жіберілді.

07.11.2024ж «Менің сыныбым» әдістемесі. Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау 5 сыныпта. Мақсаты: Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау. Қатысқандар: 5 сынып оқушылары

Оқушылардың назарына сыныптың суреті салынған парақ көрсетіледі.  
Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзінді тауып алып белгілеп, жанына өзіннің аты-жөнін жаз. Өзінді белгілеп болған соң суреттен өзіннің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».

Талдау нәтижесі: «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді. Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде. Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі. Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді. Қорытынды: 2-ші тоқсан оқушылардың 86%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 6%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 5%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 3% ы құрайды.

13-16.11.2024ж Социометрия әдістемесі сауалнама. Топтық психологиялық климаты және тұлға аралық қатынастар құрылымындағы оқушының мәртебесін зерттеу 10(а,ә) және 11(а,ә) сыныптардан диагностика алынды. 80 оқушы қатысты.

Мақсаты: Топтық психологиялық климатты және тұлға аралық қатынастар құрылымындағы оқушының мәртебесін зерттеу.

№	Сұрақтар	10 а	10ә	11а	11ә
1	Сен ұстаздарыңның сабақ беруіне көңілің толама? жақсы	99%	81%	95%	92%
	жаман	0%	0%	0%	0%
	қанағаттанарлық	1%	19%	5%	8%
2	Сыныппен қарым қатынасың қалай? Жақсы	100%	100%	100%	100%
	Жоқ	0%	0%	0%	0%

3	Мұғалімдермен қарым -қатынасын қалай?				
	Жақсы	100%	100%	100%	100%
	Жоқ	0%	0%	0%	0%
4	Сен қай алайынның сабақ түсіндіргенін түсінесің? тарих - ия. 70%				
	Жоқ	70%	100%	100%	100%
	Жоқ	30%	0%	0%	0%
5	Саған мектеп ұнай ма? ия	100%	100%	100%	100%
	Жоқ	0%	0%	0%	0%
6	Сен мектепке қуанышпен барасын ба? ия.	100%	99%	97%	100%
	Жоқ	0%	1%	3%	0%

Оқушылармен мұғалімдердің арасындағы қарым -қатынасты анықтау барысында анықталды мектеп мұғалімдері мен оқушылар жақсы қарым-қатынаста өздерінің үлгі тұтатын ұстаздары да бар екені анықталды.

02.12-06.12.2024ж Педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастыруымен «Психология ғажайып әлем» атты апталығы өтті.

02.12.24ж күні психология ғажайып әлем» апталықтың ашылуы 1-11 сынып оқушыларымен өтті. «Жақсы сөз жылы тілек» (жақсы сөз, тілек айту арқылы ағашқа лентаны байлау). «Менің мектептегі көңіл күйім» барлық сыныптармен смайликтер арқылы өз көңіл күйінді көрсету барлық сыныптар және ұстаздар да қатысты. Мен үшін мектептегі ең мейрімді адам. Әр оқушы плакатқа өздерінің мектептегі ең мейрімді адамдарның тізімін жазып жылы лебіздерін білдірді. «Жақсы көңіл күй жан шуағы» атты тренинг 7-8 сыныптармен өткізілді.

03.12.2024ж «Ізшілер күні» әр сыныпқа тапсырмалар берілді қатысқан 5-11 сынып оқушылары. «Мейірімділік алақан» сурет салу 3А сынып оқушылары қатысты. «Көңіл-күй кемпір қосағын салу 2 сынып оқушылары өз ойларынан шыққан керемет суреттерін салып бұл іс-шара көңілді өтті.

04.12.24ж «Біздің сыныптың портреті» жоба сайысы 6-8 сынып оқушылары қатысты. «Мектеп ортақ үйіміз» мектептің жалпы суреті 9-11 сынып оқушылары қатысып мектептің макетін жасады. «Мейірімділік әлемінде» сурет салу 3Ә сыныбымен өткізілді.

05.12.24ж «Сіз ғажайыпсыз» мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг. Мұғалімдер арасында эмоционалды күйзелістің алдын алу. «Бояулар әлемі» арттерапия сурет салу 1 сынып. Мейірімді болса жүрек орындалар тілек тренинг 5 сынып оқушыларымен өтті. Эссе байқауы «Егер мен мейірімді болсам, адамдар үшін не істер едім» 9-11 сыныптар қатысты.

09.12.2024ж «Мейрүмдік жыл кезеңі» 1-11 сынып оқушыларына психологиялық сауаттылық «Ауыма хат» 5-11 сынып арқылы бір бірлік хат жазып көңіл сұрайды көтерілді. «Күнделіктің тақайын ақом» атты аңғарымды қорытындылау және марапаттау рәсімдері өтті.

**09.12.2024ж Еңбекке қабылдау әдісі.**

Мақсаты: Мәдениеттің диагностикалау 7-11 сынып оқушыларынан алынды  
Нәтижесі:

№	Қабылдау жетекші түрлері	Сыныптар							
		7	8а	8б	9	10а	10б	11а	11б
1	Көрмекі қабылдау арнасы	40%	80%	74%	90%	81%	70%	73%	85%
2	Қабылдаудың аудио арнасы	40%	15%	20%	8%	10%	20%	20%	10%
3	Қабылдаудың кенестетикалық арнасы	20%	5%	6%	2%	9%	1%	7%	5%

10.12.2024ж Сыныптан экпресс методикасы О.Н.Хмельницкийдің мотивациясы мазасыздануын анықтау.

Мақсаты жүйке процестерінің ерекшеліктерімен байланысты көрініс беретін мазасыздану және депрессия жағдайларының орын алуын анықтау.

Нәтижесі тапсырманы топпен орындадық сыныптағы барлық оқушылар қатысты

10-26.12.2024ж Мінез акцентуациясын анықтау (Г.Шмишек,К.Ленгард ) сауалнама алынды. 9-11 сынып (сауалнама 88 сұрақтан тұрады)

Мақсаты: тұлғаның мінезінің акцентуациясын анықтау.

№	Шкалалар сипатамасы	9	10а	10б	11а	11б
1	Әсірешіл тип (гипертим)	4	6	4	5	2
2	Еліккіш тип	1	0	1	2	0
3	Сезімтал тип	5	2	1	2	3
4	Педантты (нанымшыл) тип	1	5	3	4	4
5	Мазасызданғыш (қорқак) тип	2	0	0	0	0
6	Циклотимді тип	0	0	0	0	0
7	Демонстративті (қыр көрсеткіш)тип	5	5	4	3	4
8	Тоқыраған тип	2	1	1	1	1
9	Дистимді тип (Гипертимді тұлғаға қарама-қарсы тип)	0	0	0	0	0
10	Экзальтталған тип	0	1	0	0	0

Шкала бойынша жоғары баға іске деген құмартуғанын негізінде көңіл күйінің көтеріңкі болуы ол әсершіл типте (9,10а,10ә,11а). Демонстративті (қар көрсеткіш)тип (9,10а,10ә,11а,11ә). Педагогты (нашамның) тип (9,10а,10ә,11а,11ә). Тоқыраған тип (9,10а,10ә,11а,11ә). Сөзімтал тип (9,10а,10ә,11а,11ә). Мазасызданғын(қорқак) тип(9 сынып 2 оқушы).

01-20.12.2024жыл. Аутодеструктивті мінез-құлықтан (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар «Пікірталас – ұрыс емес» 8-11 сыныптар арасында түзету – дамыт жұмыстары өткізілді.

Пед совет кеңесінде:Инклюзивті білім беру және 1,5,10 сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімділік деңгейін зерттеу есебін беріп слайд көрсетілді.

13-17.01.2025жылы 5-11 сынып оқушыларынан темперамент типін анықтау мақсатында Айзенк тесті алынды.Қатысқан оқушылар саны: 196

Нәтижесі:

Сынып		5	6	7	8а	8ә	9	10а	10ә	11а	11ә
Темпера мент типі	Холерик	4	8	5	6	2	3	3	4	5	3
	Флегматик	15	7	8	5	10	9	8	7	6	8
	Сангвиник	7	6	5	5	4	4	6	2	6	2
	Меланхолик	1	3	3	4	2	4	3	1	2	2
Оқушы саны		27	24	21	20	18	20	20	14	17	15

Қаңтар мен ақпан айында бесінші сынып орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде оқушыларымен «5 сынып деген не?», «Өзінді таны», «Орта мектептегі жаңа оқушы», «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?», «Сөзім әлемі», «Біздің мұғалімдеріміз», «Дос іздеп жүрмін», «Біз және біздің сынып», «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?» атты тақырыптарында түзету – дамыту жұмыстары өтті.

19.01-25.01.2025жыл күні Кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында 9-11 сыныптардан диагностика алынды.

05.02.-23.02.2025 жыл күні аралығында «Кактус» әдістемесін оқу мотивациясын анықтау мақсатында 2-4 сыныптан диагностика алынды.

05.03-18.03.2025жыл күні аралығында «Отбасы суреті» әдістемесі диагностикасы алынды. Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық ақпарат күйін диагностикалау.

12.03-18.03.2025жыл күні 9- 11 сыныптар мен доңгелек үстел өткізіліп оқушылардың пікірін тындап кеңестер берілді.

05.04.-24.04.2025жыл күні аралығында 5,9,10(а,ә),11(а,ә) сыныптардан Социометрия әдістемесі сауалнама алынды.

Мақсаты: Сыныптағы оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынастарды бағалау, сыныптағы бірліктің дәрежесін өлшеу және әр топ мүшелерінің топ ішіндегі өзінің

орнын анықтау. Сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны анықтау.

Зерттеудің нәтижесі бойынша анықталғаны:

Сынып	Оқушы саны	Лидерлер	Беделділер	Қабылданғандар
5	27	3	6	18
9	20	2	4	14
10а	20	3	6	11
10ә	14	2	4	8
11а	17	1	5	11
11ә	15	1	3	11

03.04.-24.04.2025 жыл күні аралығында 7,8,10а,10ә сынып оқушылармен әңгіме сабақ өтті. Әлеуметтік желіні пайдалану деңгейін анықтау анықтау мақсатында.Оқушылар өз ойларын айтып, интернет қауіпсіздігі жөнінде слайд көрсетілді және оқушыларға кеңестер берілді. Дәп осындай деңгейде

03.05-10.05.2025 жылы күні 9,11а,11ә сыныптарымен де өтті. 15.05-17.05.2025 жыл күні аралығында 9-11 сыныптармен «Мамандық өмір таңдауы» тақырыбында мамандық туралы ақпараттарды толықтыру мақсатында тренинг өткізілді түзету-дамыту жұмыстары.

13.05-21.05.2025 жыл күні 9-11 сыныптармен емтихан алдындағы қорқыныш үрейдің алдын алу тренингі өтті.

**Қорытынды:**

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы бес бағыт негізгі жүргізілді. Диагностика, түзету - дамыту, алдын алу-ағарту, кеңес беру және ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстары бойынша жұмыстар атқарылды. Бекітілген 2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психологтың жоспары бойынша Ата-аналар жиналысына қатысып психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы келісім, ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді хабардар ету формасы (психологиялық-диагностика, консультация беру,тренинг)өткізу жұмыстарын жасау үшін психологиялық сүйемелдеуге 02-20.09.2024жыл күндері аралығында 1-11 сыныптың ата-аналарынан келісім алынды. Барлық ата-аналар келісімін берді. Келісімнен бас тартқан ата-аналар болған жоқ. Жылдық жоспарға сәйкес барлығы 294 оқушы 1-11 сыныптармен жұмыс атқарылды. Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу үшін профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді, «Отбасы махаббаты неде?»,

Ақпараттық технологиялардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай  
жасау. «Психология» пәні бойынша ғылым тақырыбында оқушылар мен  
ағартушылар арасындағы қарым-қатынастағы және өмірлік жағдайлардың  
өзгерістерін, бағыттар арасындағы қарым-қатынастарды өз эмоцияларын  
талқылау тәсілдерін, бағыттар арасындағы қарым-қатынастарды өз эмоцияларын  
талқылау тәсілдерін ұйымдастырды. 1-11 сыныптар мен тренинг жаттығулары өтті.

Ай сайын алынатын сауалнама желтоқсан айында Буллинг, кибербуллинг туралы  
түсінік ақпарат берілуінің алдын алу шараларымен таныстыру және сауалнама  
алу. «Мектептегі бопсалау және зорлық-зомбылықтың алдын - алу». Мақсаты:  
Оқу орнында бопсалау және тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі бар- жоғын  
анықтау. Сауалнама 5-11 сынып қатысты, жалпы қатысқан оқушылардың саны -  
195 оқушы. Сауалнама нәтижесінде ешқандай қатысудық әрекеттері анықталған  
жоқ.



Орын:  Жасим Е.Т.

Орындаған педагог-психолог: Байжиева А.Ж.  
2-17-21

«Мейрәмділік элементде» сурет байқауы



«Тың аяқым»



«Сіз ғажайыпсыз» педогогикалық жұмыс тізбегін



«Ақпарат құралдарының зерттеуі» 2-11 сынып



Ақпарат құралдарында

